

Шымкент қаласы білім басқармасының
« №26 Жамбыл атындағы
мектеп -гимназия» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение «Школа – гимназия
26 имени Жамбыла» управления
образования города Шымкент

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 31 тамыз
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 256
город Шымкент

«Міндетті мектеп формасының талаптарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына өзгерістер енгізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепшілік ережеге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекіту туралы» №26 бұйрығының талаптарын қатаң сақталып, енгізілсін:

2. **Ұлдардың мектеп формасы:** пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

3. **Қыздардың мектеп формасы:** пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

4. Мектеп формасына ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер, шеврон, және т.б.) орналастыруға рұқсат етіледі.

5. Мектеп формасының матасы ретінде қасиеттері жақсартылған жартылай жүн және мақта, киіске төзімді, антибактериалдық, антимикробтық және антистатикалық қасиеттері бар маталар қолданылуы тиіс. Мектеп формасының фасонын тандауды және юбканың ұзындығын білім беру ұйымы мен кеңес (камкоршылық, ата-аналар комитеті мектептегі өзін-өзі басқару) айқындап, жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, кеңеспен келісу арқылы қабыланып, хаттамасы бекітілсін.

6. Балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері мектеп формасын кез-келген сауда желісінен сатып алады.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ф.К.Отегенова, Н.Т.Байдаулетовқа жүктелсін.

Негіздеме: ҚББ-ның 29.08.2023ж 10-07-07/4603 хаты

Мектеп – гимназия директоры

Г.Ж.Кайкенова



2023 жылғы 31 тамыз №1 педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітілді.

«Келісемін»

ата-аналар комитетінің

төрайымы *А.Н.Жолдасова*

«Келісемін»


кәсіподақ комитеті

төрайымы *Г.Е. Ыбанова*

«Бекітемін»

Мектеп директоры

Г.Ж.Кайкенова



Шымкент қаласы
№26 Жамбыл атындағы мектеп-
гимназия коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
2023 жылғы 31 тамыз күнгі
№1 педагогикалық кеңесінің
және ата-аналар комитетінің
бірлескен отырысының
шешімімен бекітілді.

Шымкент қаласы №26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясының коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ішкі тәртіп ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Шымкент қаласы №26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ішкі тәртіп Ережесі (ары қарай Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі, ҚР «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Педагог мәртебесі» туралы Заңдары мен басқада заңдылықтары және Шымкент қалалық білім бөлімінің 2012 жылғы 05 қыркүйек № 545 бұйрығымен бекітілген.Қ.Р.Әділет Министрлігі, Шымкент қалалық Әділет басқармасы 2012 жылы 12 қазанда заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеуі жүргізілгеніне байланысты 2017 жылы мектепшілік ішкі тәртіп ережесі қабылданған. коммуналдық мемлекеттік мекемесі жарғысы талаптарына сәйкес жасалынған.

2. Мектепшілік ішкі тәртіп ережесі Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүзеге асырылатын білім мен тәрбие беру процесі барысында мектеп басшылығы мен оқытушыларының, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген Заңдары мен басқада заңдылықтары талаптарына сәйкес мектеп ішіндегі тәртіпке қатысты міндеттерін айқындайды және ол міндеттерінің орындалу жолдарын белгілейді.

3. Осы мектепшілік ішкі тәртіп ережесі коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқушыларының сыныптық жиналыстарында, сыныптық ата-аналар жиналыстарында, мектеп мұғалімдері жиналысында алдын-ала талқыланып, тиісті өзгерістермен толықтырулар енгізіліп, мекеменің педагогикалық кеңесімен жалпы мектептік ата-аналар комитетінің және кәсіподақ комитетінің бірлескен отырысының шешімімен бекітілгендіктен, Ереже талаптары мектеп басшылығы мен мұғалімдері, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары үшін орындалуға міндетті болып табылады.

4. Мектеп басшылығы мен мұғалімдері, оқушылар мен ата-аналары тарапынан Ереженің қандайда болсын талаптарының бұзылуы жоғарыда келтірілген Қазақстан Республикасының Заңдары мен заңдылықтары талаптарын бұзу болып табылады және заң бұзушылық ретінде шара қолдану үшін тиісті құзырлы мемлекеттік органдар қарауына ұсынылатын болады.

5. Осы мектепшілік ішкі тәртіп ережесі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жаңа ішкі тәртіп ережесі қабылданғанға дейін күшінде болады.

II. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылым, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

III. Мектеп басшылығы мен мұғалімдердің міндеттері

1. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім мен тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасауға;

2. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байытуға;

3. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны- Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеуге ;

4. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеуге, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруға;

5. Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ ұлты мен республиканың басқа да ұлттарының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге, мемлекеттік тілді, басқа да тілдерді меңгеруге бейімдеуге;

6. Тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педогогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін тандауға, білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

7. Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

8. Білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;

9. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетіген білім беру қызметтерінің сапасын көтеруге;

10. Білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этно-мәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

11. Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

12. Педагогтік әдеп нормаларын сақтауға; Оқушылардың және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

13. Мектептің ішкі тәртіп ережесі талаптарының мүлтіксіз орындауға және оқушылар мен ата-аналардан ішкі тәртіп ережесі талаптарының орындалуын талап етуге;

14. Мұғалім мен білім алушының ата-аналары арасындағы ынтымақтастықты педагогикалық талаптарға сәйкес қалыптастыруға және жүзеге асыруға;

15. Мектепте іскерлік киім үлгісін ұстануға; Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (**сакина, сырға, білезік, моншақ т.б.**) әкелмеуге және пайдаланбауға;

16. Мектепке нашакорлық тұрғыдағы заттарды (**темекі, насыбай, есірткі заттар, т.б.**) әкелмеуге, пайдаланбауға, өзге азаматтарға соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға; Мектептің ішінде ұлт аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға;

17. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (**крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар және т.б.**) әкелмеуге және діни тұрғыдағы киімдерді (**хиджаб, орамал, кимешек, келте балақ, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка, т.б.**) кимеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға

18. Мектеп оқушыларының күнделігін, сабаққа қатысуын бақылауға;

19. Мінезі ауыр оқушылармен тұрақты жеке жұмыстарды ұйымдастыруға міндетті.

IV. Ата-аналар міндеттері

1. Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, азаматтық тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз етуге, білімі мен тәрбие сапасын жақсартуға үлес қосуға, баланың сабақтан тыс мезгілдегі тәртібін жеке жауапкершілікке алуға;

2. Өздерінің қабілеттері және қаржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілікті алуға (**Бала құқықтары туралы Конвенциясының 27-бабының 2-тармақшасы**);

3. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екенін мойындауға; (**Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 2-тармақшасы**);

4. «Баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдауға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үй мен қамтамасыз етуге» (**Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Заңының 24-бабының 2-тармақшасы**);

5. Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және пайдалануға тыйым салуға; (**Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» Заңының 37-бабының 2-тармақшасы**);

6. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге; (**Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының 3-тармақшасы**);

7. *Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының 2-тармақшағының 6-тармақшасында баланың ата-анасы немесе заңды өкілі білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, киім формасын сақтауға міндетті екендігі көрсетілген.*

8. Балаларының білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауына; *(Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабы 15-1 тармақшасы), ҚР Білім және ғылым министрінің 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы (Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы),*

Ұлдардың мектеп формасы:

Пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде немесе түймелері, сыдырмалары бар тоқылған күрте/кардиган, поло жейде, футболка (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка, көк немесе қара түсті жемпір) Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы:

Пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде немесе түймелері, сыдырмалары бар тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе футболка (қысқы уақытта: трикотаж, жилет, сарафан водолазка, көк немесе қара түсті жемпір). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұру қажет.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

Сонымен бірге біркелкі киім үлгісіне (ұлдарға ақ көйлек, қыздарға ақ блузка) киіп жүру, галустук тағу міндетті емес.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚРК –нің 409 баб 2-тармақшасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны ескертеді.

9. Мектептен тыс уақытта баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға. Күнделікті сабақтан кешіктірмей, толық қатыстыруға, сондай-ақ кешкі уақытта қараусыз қалдырмауға;

10. Сабақ уақытында ұялы телефон, смартфон, планшет ұстатпауға;

11. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс күндерінде, мектептен тыс уақыттағы жол және өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігін, тәртібін күнделікті қадағалауды өз қарауына алуға, балаға толық жауапкершілікті өз мойнына алуға;

12. Баланың мектептен тыс мезгілде бейәдеп, теріс қылықтарына, өмірінің қауіпсіздігіне жеке жауапты екендігін сезінуге; Осы аталған мәселелер орындалмаған жағдайда ата-аналық жауапкершілігіне және ата-аналық міндетіне лайық еместігін сезінуге;

13. Баланың кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз жібермеуге;

14. Баланың көлік жүргізуіне тыйым салуға; Баланың өз бетімен балық аулауына, су жағасына, орман алаңына баруына тыйым салуға, өмір қауіпсіздігін сақтауға;

15. Отбасындағы ұл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (әсіресе қыз бала тәрбиесіне) қатты көңіл бөлуге;

16. Балаларының мектепте нашақорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелуіне, пайдалануына, өзге азаматтарға, оның ішінде тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге;

17. Балаларының мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;

18. Балаларының мектеп ішінде ұлт-аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғауына, өзгелерді кемсітуіне жол бермеуге;

19. Балаларының мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;

20. Балаларының мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, орамал, кимешек, келте балақ, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелуіне, пайдалануына, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге міндетті.

V. Мектеп оқушыларының міндеттері

1. Әр оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға;
2. Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға; Өз ауысымының басталуына 15 минут қалғанда мектепте болуға;
3. Мектеп формасын сақтауға, сабаққа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуге;
4. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелері және өмір қауіпсіздігін сақтауға;
5. Табиғатқа нұқсан келтірмей, қамқор болуға; Мектеп мүлкін бұзбауға;
6. Мектептің күнделікті ішкі тәртіп ережесін бұзбауға;
7. Сыныптастарына, жасы кішілерге күш қолданбауға, әлімжеттілік жасауға, адамның ар-намысын қорламауға;
8. Кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге бармауға;
9. Өзінің Қазақстан Республикасында тыйым салынған діндер мен діни ағымдар өкілдерімен кездесуіне, сұхбат құруына, үгіт-насихат кітаптарымен парақшаларын алуына, оқуына және таратуына қатаң тыйым салуға;
10. Сабақ уақытысында ұялы телефон, смартфон, планшет пайдаланбауға;
11. Мектепке нашақорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелмеуге, пайдаланбауға;
12. Мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарынан (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
13. Мектептің ішінде ұлтаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;
14. Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
15. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, орамал, кимешек, келте балақ, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға ;
16. Мектеп оқушыларының шаш үлгілерін жинақы болуы тиіс, мектепте шаштарын түрлі түсті етіп бояп жүруіне және ою өрнек салуына тыйым салынады;
17. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.

VI. Кезекші мұғалімнің міндеттері

1. Сабақ басталудан 30 минут бұрын кезекшілікті қабылдап алуы және сабақтар аяқталғаннан кейін кезекшілікті II ауысымдағы әріптесіне тапсыруға;
2. Барлық сыныптарда сабақ басталғаннан кейін өзінің сабағына баруға;
3. Сыныптардың кезекшілігін ұйымдастыруға;
4. Сыныптардың, мектеп ішінің тазалығын бақылауға, үлкен үзілістен және сабақтан кейінгі тазалықты тексеруге;
5. Әр күні кезекшілік журналында кешігушілерді, сабаққа келмегендерді және тазалық туралы мәлімет беруге;
6. Кезекші болған күні немесе апта соңында кезекшілік қорытындысын шығаруға;
7. Кезекші мұғалімге және кезекші сыныпқа тазалыққа және мектеп мүлкін сақтауына жауапкершілік жүктеледі;
8. Кезекшілік уақытында орын алған келеңсіз жағдайларға кезекші мұғалім жауапты;
9. Кезекші мұғалім ауысым бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына кезекшілікті тапсыруға міндетті;

V. Мектеп оқушыларының міндеттері

1. Әр оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға;

2. Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға; Өз ауысымының басталуына 15 минут қалғанда мектепте болуға

3. Мектеп формасын сақтауға, сабаққа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуге;

4. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелері және өмір қауіпсіздігін сақтауға;

5. Табиғатқа нұқсан келтірмей, қамқор болуға; Мектеп мүлкін бұзбауға;

6. Мектептің күнделікті ішкі тәртіп ережесін бұзбауға;

7. Сыныптастарына, жасы кішілерге күш қолданбауға, әлімжеттілік жасауға, адамның ар-намысын қорламауға;

8. Кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге бармауға;

9. Өзінің Қазақстан Республикасында тыйым салынған діндер мен діни ағымдар өкілдерімен кездесуіне, сұхбат құруына, үгіт-насихат кітаптарымен парақшаларын алуына, оқуына және таратуына қатаң тыйым салуға;

10. Сабақ уақытысында ұялы телефон, смартфон, планшет пайдаланбауға;

11. Мектепке нашақорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелмеуге, пайдаланбауға;

12. Мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарынан (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;

13. Мектептің ішінде ұлтаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;

14. Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;

15. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, орамал, кимешек ,келте балақ, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға ;

16. Мектеп оқушыларының шаш үлгілерін жинақы болуы тиіс, мектепте шаштарын түрлі түсті етіп бояп жүруіне және ою өрнек салуына тыйым салынады;

17. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.

VI. Кезекші мұғалімнің міндеттері

1. Сабақ басталудан 30 минут бұрын кезекшілікті қабылдап алуы және сабақтар аяқталғаннан кейін кезекшілікті ІІ ауысымдағы әріптесіне тапсыруға;

2. Барлық сыныптарда сабақ басталғаннан кейін өзінің сабағына баруға;

3. Сыныптардың кезекшілігін ұйымдастыруға;

4. Сыныптардың, мектеп ішінің тазалығын бақылауға, үлкен үзілістен және сабақтан кейінгі тазалықты тексеруге;

5. Әр күні кезекшілік журналында кешігушілерді, сабаққа келмегендерді және тазалық туралы мәлімет беруге;

6. Кезекші болған күні немесе апта соңында кезекшілік қорытындысын шығаруға;

7. Кезекші мұғалімге және кезекші сыныпқа тазалыққа және мектеп мүлкін сақтауына жауапкершілік жүктеледі;

8. Кезекшілік уақытында орын алған келеңсіз жағдайларға кезекші мұғалім жауапты;

9. Кезекші мұғалім ауысым бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына кезекшілікті тапсыруға міндетті;

VII. Сынып жетекшінің міндеттері

1. Сынып жетекшісі пән мұғалімдерімен, мектеп әкімшілігімен, ата-аналармен үнемі байланыста болуға міндетті.
2. Сынып оқушыларының мектептің ішкі тәртіп ережесінде көрсетілген мектеп формасын сақтап жүруін үнемі қадағалауға міндетті;
3. Бала тәрбиесінің негізгі ата-ана жауапкершілігінде екендігін есте сақтауға;
4. Сынып оқушыларының оқулықтар мен басқа да оқу құралдарымен толық қамтамасыз ету үшін мектеп кітапханамен тығыз байланыста болуға;
5. Сынып оқушыларының сабаққа келуін күнделікті қадағалауға және қамтамасыз етуге;
6. Баланың көшеде жүру ережесінің сақтауын еске салып тұруға;
7. Баланың ұялы телефонын күнделікті тексеруге қажеттік туындаса сабақ соңына дейін жинап алуға.
8. Сынып оқушыларын күтіп алуға және шығарып салуға міндетті.
9. Сынып оқушыларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларынан катысты ақпарат алуға;
10. Сынып оқушыларының мектептен тыс мезгілде бейәдеп, теріс қылықтарына, өмір қауіпсіздігіне жеке жауапты екендігін сезінуге;
11. Сыныптағы ұл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (әсіресе қыз бала тәрбиесіне) қатты көңіл бөлуге;
12. Сынып оқушыларының мектепте нашакорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелуіне пайдалануына, өзге азаматтарға, оның ішінде тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге;
13. Сынып оқушыларының мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышпақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, т.б) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
14. Сынып оқушыларының мектеп ішінде ұлт-аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғауына, өзгелерді кемсітуіне жол бермеуге;
15. Сынып оқушыларының мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сакина, білезік, моншақ) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
16. Сынып оқушыларының мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, орамал, кимешек, келте балақ, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға;
17. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс күндерінде, мектептен тыс уақыттағы жол және өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігін, тәртібін күнделікті қадағалауды ата-аналардың жауапкершілігінде екендігін туралы тиісті құжаттар жинақтауға;

VIII. Пән кабинеті меңгерушісінің міндеті:

1. Пән кабинетінің құжаттарын дайындау, паспортизациядан өткізуге;
2. Пән кабинетінде техника қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау;
3. Пән кабинетінің санитарлық-гигиеналық жағдайларының талапқа сай болуын қамтамасыз етуге;
4. Пән кабинетінде аптасына бір рет тазалық жұмыстарын ұйымдастыруға;
5. Пән кабинеті мүлкінің сақталуына жауапты;
6. Пән кабинетінде дидактикалық және таратпа материалдарын кітапхана қорын жинақтауға міндетті;

Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша 47-бап, 15-тармақтың 1-тармақшасына сәйкес оқушылардың сырт көрінісі:

1. Оқушылар мектепке таза, ұқыпты, бірыңғай мектеп формасын киюге міндетті;

2. Ер балалар мен жасөспірім балалар мектепке ақ көйлек, қараға тән костюм, қыз балалар ақ кофта мен қараға тән тізеден келетін белдемше және сәйкес келетін аяқ киімде болуы қажет;
3. Оқушылардың денсаулық, санитарлық-гигиеналық тазалығы сақталғаны болуы қажет;
4. Салтанатты жағдайларда оқушылардың сыртқы көрінісі сәйкес болуы қажет;
5. Мектеп оқушыларының шаштары оқушыларға тән сәнінің үлгісі болуы қажет;

Мектепшілік тәртіп сақтау ережелерін орындамаған және бұзған жағдайда мектеп әкімшілігі тарапынан оқушыға келесі шаралар қолданылады:

1. Ата-аналарын мектепке шақыру;
2. Оқушымен жеке түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
3. Сынып жиналысында оқушының тәртібін қарау;
4. Мектеп психологымен бірлескен зерделеу жұмыстарын жүргізу;
5. Оқушыны педагогикалық кеңеске салу;
6. Оқушыға ауызша, жазбаша түрде есекертпе беру;
7. Мектепшілік тәрбиесі қиын, қиынға бейім оқушылардың есебіне алу;
8. Мектеп инспекторының жеке қадағалауына қою

Шымкент қаласы білім басқармасының
«№26 Жамбыл атындағы
мектеп-гимназия» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение «Школа – гимназия
№26 имени Жамбыла» управления
образования города Шымкент

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 31 тамыз
Шымкент қаласы

№ 257
город Шымкент

« Мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы»

Шымкент қаласының әкімділігінің 03.08.2018 жылғы № 81 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымының Жарғысындағы мекеменің құзіретіне жататын «Ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту» міндеті негізінде **БҰЙЫРАМЫН :**

1. №26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ішкі тәртіп ережесі» Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, ҚР «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заңдары мен басқа да заңдылықтары және Шымкент қаласының әкімдігінің 03 тамыз 2018 жылғы №81 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымының Жарғысындағы мекеменің құзіретіне жататын «Ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту» міндеті негізінде 2023-2024 оқу жылына қайта бекітілсін.
2. №26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүзеге асырылатын білім мен тәрбие беру процесі барысында мектеп басшылығы мен оқытушыларының, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген Заңдары мен басқа да заңдылықтары талаптарына сәйкес мектеп ішіндегі тәртіпке қатысты міндеттерін орындау жауапкершілігі мектеп басшылығы мен оқытушыларына, мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарына міндеттелінсін.
3. Ереже бойынша мектеп басшылығы мен мұғалімдері, оқушылар мен ата-аналары тарапынан Ереженің қандай да болсын талаптарының бұзылуы жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының Заңдары мен талаптарын бұзу болып табылатындығы ескертілсін.
4. Мектеп ережесіне бағынбай заң талаптарын орындамаған жағдайда заң бұзушылық ретінде шара қолдану үшін тиісті шаралар атқарылып, оқушылардың сынып сағаттарында, сыныптық ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңесте, жалпымектептік ата-аналар комитетінің және Қамқоршылық кеңесі жиналысында, сондай-ақ, кәсіподақ комитетінің жиналысында алдын ала талқыланып, оңтайлы шешім таппаған жағдайда құзырлы мемлекеттік органдар қарауына ұсынылатындығы жөнінде ескертілсін.
5. Осы Ереже №26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жаңа ішкі тәртіп ережесі қабылданғанға дейін күшінде болу қадағалансын.
6. Мектептің ішкі тәртіп ережесі, міндетті мектеп формасының үлгісі мектептің көрнекті орынға ілінсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуы бойынша жұмыстар жүргізу мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары Г.С.Елеукешова, Д.К.Еспанова директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарлары Ф.К.Отегенова, Н.Т.Байдаулетовке жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп- гимназия директоры:

Г.Ж.Кайкенова

